



БҰЙРЫҚ

25 желтоқсан 2018 ж

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ *362*

город Алматы

**Тамақтандыру сапасын бақылау
жөніндегі ведомствоаралық
сараптама тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне жүйелі мониторинг жүргізу және білім беру ұйымдарындағы тамақтануды тиімді ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес құрамда тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топ құрылсын.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес тамақтандыру сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобының ережесі бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Алматы қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Л. Жылқыбаеваға жүктелсін.

Басшы



Г. Ходжабергенова